«Біртұтас ел - Біртұтас жер»

www.sarbaz.kz

# SARBAZ

Qozyl Äsker
БОЕВОЕ ЗНАМЯ
КАЗАКСТАН САРБАЗЫ
ВОИН КАЗАХСТАНА

№14 (2181) – 4 СӘУІР 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

# ПАРАДҚА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

***Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов 68665 әскери бөліміне барып, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа қатысатын әскери қызметшілер мен техникалар орналасқан далалық лагерьлерді аралады.***

Бөлімнің аумағында екі апта ішінде 5000 адамға арналған шатырлы қалашық орналастырылды. Қазіргі уақытта мұнда 186 тұрғынжай шатыры, 11 шаруашылық заттарымен жабдықтау пункті, 12 тұрмыстық қызмет көрсету шатыры, 7 далалық монша, далалық госпиталь, автопарк және техникаға арналған жөндеу-қалпына келтіру пункттері орнатылған.

Қорғаныс министрі тұрғын үй, медициналық және техникалық аймақтарды аралап, әскери қызметшілердің тұрғылықты жайларын, оған қоса қару-жарақ пен әскери техниканың күтіп-ұсталуы мен оларға қалай қызмет көрсетілетінін көрді.

Қорғаныс ведомствосының басшысы парадқа сапалы дайындық бойынша лауазымды тұлғаларға бірқатар тапсырмалар беріп, әскери тәртіпті сақтаудың, қатысушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етудің, атап айтқанда, тұратын жердің және дұрыс тамақтанудың маңыздылығын атап өтті.

Бүгін парадқа қатысушыларды қабылдауға дайындық 100%-ды құрайды.



«Парадқа дайындық басталғалы көп уақыт болды. Әскери бөлімдерде іріктеу жұмыстары мен сабақтар өткізілді. Қазір техника мен жеке құрамды үйлестіру және бірлескен жаттығулар үшін



Астанаға жеткізу іске асырылып жатыр», – деді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев.

Естеріңізге сала кетсек, 26 наурызда Ақтаудан парадқа қатысушылардың алғашқы легі – «Батыс» өңірлік қолбасшылығының 170-тен астам теңіз жаяу әскері келді. Жақын арада оларға Қарулы Күштердің басқа да әскери құрамалары мен бөлімшелері қосылады.

Биыл шеруге 24 парадтық есептоп қатысады. Қатысушылардың жалпы саны 4 мыңнан асады, оның 200-ден астамы – әскери қызметші қыз-келіншектер. Механикаландырылған лекте 300-дің үстінде жауынгерлік және арнайы техника бірлігі сап түзеп жүріп өтеді, олардың қатарында тарихи кезеңді көрсететін техника үлгілері де бар. Әуе шеруіне әртүрлі типтегі 66 ұшу аппараты қатысады.

Парад есептоптарының негізгі құрамын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері құрайды. Салтанатты саптық шеруге Мемлекеттік күзет қызметінің, ІІМ Ұлттық ұланының, ҰҚК Шекара қызметінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің лектері де қатысады.

# САМБО – ӨЗІН-ӨЗІ ҚОРҒАУ ӨНЕРІ

***Самбо Қазақстанның өңірлерінде жаппай дамытын болады. Бұл жайлы Қазақстан спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының кезектен тыс конференциясында оның президенті Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов мәлімдеді.***



Іс-шара Қарулы Күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығы филиалының Армия үйінде өтті. Мұнда жекпе-жектің осы түрінің дамуына байланысты ұйымдастырушылық және басқа да мәселелер қарастырылды.

Конференцияда федерацияның бас хатшысы Дияс Үкімет самбоны дамытудың 2025–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын ұсынды, онда қоғамдық ұйым қызметінің стратегиялық мақсаттары мен негізгі бағыттары айқындалды. Өңірлерде самбоны жаппай дамытуға ерекше назар аударылды.

Генерал-полковник Руслан Жақсылықов самбо федерациясының құрылтайшылары мен жаттықтырушыларына спорттың дамуына қосқан зор үлесі үшін алғысын білдірді.

– Көптеген жылдар бойы қазақстандық самбо мектебі халықаралық аренада жетекші орынға ие болды. Әлем және Азия чемпионаттарындағы спортшыларымыздың жеңістерінің құрметіне еліміздің туы талай мәрте желбіреп, көкке көтерілді. Бұл өңірлік федерацияларды қолдаудың, жаттықтырушылардың қажырлы еңбегінің және спортшылардың өз істеріне адалдығының нәтижесі, – деп атап өтті ол.



Іс-шара барысында Қазақстан спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының президенті Р. Жақсылықов 2024 жылы әлем чемпионатында медаль еншілеген спортшыларды марапаттады.

Бұдан өзге федерация президентінің бұйрығымен Арман Әбеуов - бірінші вице-президент, Еркебұлан Түсіпханов күш құрылымдарымен жұмыс жөніндегі вице-президент және Дина Кудеринова-Балтабай спорт директоры болып тағайындалды.



# ЖАУЫНГЕРЛІК ТЕХНИКА МҰРАЖАЙЫ АШЫЛАДЫ

***Ұлы Жеңістің мерейтойына орай Алматыда жауынгерлік техникалардың ашық аспан астындағы жаңа мұражайы ашылады. Армия үйінің аумағында орналасатын мұражай 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы мемориалдық кешеннің бір бөлігі болмақ.***

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов гарнизонға сапары барысында жаңа мұражайдың құрылысын тексерді. Қорғаныс ведомствосының басшысы Парламент депутаттарымен бірге алаңды, қару-жарақ пен жауынгерлік машиналардың құрамын қарап, техниканы бояу сапасын бағалап, жауапты тұлғаларға нұсқаулар берді.

Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Иван Панфиловтың немересі Алуа Байқадамова басқаратын Ұлттық әскери-патриоттық орталық пен Жауынгерлік даңқ мұражайының филиалы орналасқан Армия үйінде де қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ғимараттың концерттік және мәрмәр залдары, сондай-ақ Жауынгерлік даңқ мұражайы күрделі жөндеуден өтуде. Онда офицерлер клубы мен балаларға арналған әскери-патриоттық фильмдер түсіретін кинопавильон ашылады.

– Алматы үшін Армия үйінің мәдени маңызы зор. Бұл – тарихи сәулет ескерткіші. Сондықтан біз оның бастапқы келбетін қаламыз бен еліміздің ең көрікті жерлерінің бірі ретінде сақтауға міндеттіміз, - деп атап өтті Руслан Жақсылықов.

Ғимаратты қайта қалпына келтірудегі басты ерекшеліктердің бірі ашық аспан астындағы жауынгерлік техника мұражайын ашу болмақ. Мұражай экспозициясын Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қару-жарақтың 30-ға жуық үлгісі құрайды. Ең құнды экспонаттардың қатарында 1931 жылғы 152 мм гаубица бар.

– Жауынгерлік техника мұражайының Армия үйі үшін маңызы зор болмақ. Ол Қалдаяқов көшесінің оң жағында орналасады. Ал сол жағында әкімдік күшімен алматылықтар мен қала қонақтарының демалуына арналған гүлзар салынатын болады. Біз бұл нысандардың барлығы Жеңістің 80 жылдығына орай ашылатынын мақтан тұтамыз, - деді Алуа Байқадамова.

Сонымен қатар Қалдаяқов көшесінде жастардың патриоттық тәрбиесіндегі заманауи тәсілдерді бейнелейтін жаңа барельеф орнатылды.





ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ
КӨКТЕМГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ
3 - бетте



ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ
ТЫЛДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК
5 - бетте



В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ
БОЛЬШАЯ ЧЕСТЬ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ
Стр. 6

# АКЦИЯ ОЗЕЛЕНЕНИЯ

***Глава оборонного ведомства генерал-полковник Руслан Жаксылыков в рамках рабочего визита в Алматинский региональный гарнизон дал старт высадке саженцев. Акция озеленения посвящена юбилею Великой Победы.***

Несколько молодых деревьев станут частью мемориального комплекса, включающего Дом армии, Мемориал Славы и парк имени 28-ми гвардейцев-панфиловцев.

В акции приняли участие депутаты Парламента, Главный военный прокурор генерал-майор юстиции Дастан Секенов, командующий Десантно-штурмовыми войсками генерал-майор Алмаз Джумакеев, руководитель Военно-исторического музея города Алматы Алуа Байкадамова, представители местных органов военного управления, городского акимата, ветеранских организаций и воспитанники алматинской республиканской военной школы «Жас улан».

Министр обороны отметил, что экологическая акция является не только данью памяти казахстанцам, погибшим в годы Великой Отечественной войны, она подчеркивает стойкость и самоотверженность наших соотечественников, их вклад в общую Победу.

– В рамках акции «Таза Қазақстан» по всему мегаполису будет высажено 80 молодых деревьев. По столько же саженцев будет высажено в каждом гарнизоне, где есть воинские части Вооруженных Сил. Таким образом мы отдаем дань уважения героям Великой Отечественной войны, – отметил генерал-полковник Руслан Жаксылыков.



# СИЛЬНЕЙШИЕ САМБИСТЫ СРЕДИ СИЛОВИКОВ

***На базе Центрального спортивного клуба армии прошел чемпионат по самбо среди силовых структур, посвященный 80-летию Победы в Великой Отечественной войне и 100-летию Героя Советского Союза Алии Молдагуловой.***



Среди почетных гостей турнира были Халық қаһарманы генерал-полковник Сат Токпакбаев, депутаты Парламента РК, руководители силовых структур и известные спортсмены.

– Рад приветствовать вас на базе Центрального спортивного клуба армии. Как президент Федерации спортивного и боевого самбо, отмечу, что совместно с профильным министерством мы предпринимаем шаги для совершенствования системы развития самбо и увеличения его финансирования в регионах. Для массового охвата этим видом спорта открываем секции самбо для детей и юношей, – уточнил направления деятельности федерации министр обороны генерал-полковник Руслан Жаксылыков.

В чемпионате приняли участие более 140 спортсменов из 26 команд, представивших министерства обороны, внутренних дел, по чрезвычайным ситуациям, Службу государственной охраны, Национальную гвардию, Пограничную службу, Комитет национальной безопасности и другие ведомства. Мастера татами выступили в семи весовых категориях.

По итогам чемпионата в командном зачете первой стала сборная ЦСКА Министерства обороны, опередив Национальную гвардию и Силы специальных операций.

В индивидуальном зачете в весовой категории до 58 кг чемпионом стал Айбек Калимов (Десантно-штурмовые войска), до 64 кг – Жандос Бейсенбаев (Силы специальных операций), до 71 кг – Арнур Куатай (ЦСКА), до 79 кг – Санжар Нурсеит (ЦСКА), до 88 кг – Азат Куанов (Национальная гвардия), до 98 кг – Болат Сапар (Национальная гвардия), свыше 98 кг – Адиль Оразбаев (ЦСКА).

На мероприятии перед поединками для участников соревнований были организованы мастер-классы. Чемпион мира по қазақ күресі капитан Гумар Кыргызбаев, двукратный чемпион мира по қазақ күресі рядовой Жумажан Кожамбеков, чемпион мира по самбо рядовой Есентай Иманов и призер чемпионата мира по самбо сержант Арнур Куатай продемонстрировали технические приемы с элементами переворотов, удержания в партере и выведения из равновесия.

Отметим также, что соревнования по қазақ күресі начались 30 марта. Это будет один из отборочных этапов для формирования команды Казахстана на чемпионат мира по қазақ күресі среди военнослужащих, который пройдет в Астане с 12 по 16 августа текущего года.



# ЗАЛ В ЧЕСТЬ ОЛИМПИЙСКОГО ЧЕМПИОНА АНАТОЛИЯ ХРАПАТОГО

***В алматинском филиале Центрального спортивного клуба армии министр обороны генерал-полковник Руслан Жаксылыков открыл новый зал тяжелой атлетики.***

В рамках рабочей поездки руководителя оборонного ведомства в город Алматы в Центральном спортивном клубе армии состоялось торжественное открытие нового зала, созданного при поддержке Федерации тяжелой атлетики. Спортивному объекту присвоили имя олимпийского чемпиона Анатолия Храпатого.

В мероприятии приняли участие депутаты Мажилиса Парламента, представители организаций спортивного сообщества и именитые спортсмены ЦСКА.

Анатолий Храпатый – тяжелоатлет, пятикратный чемпион мира (1985–1987, 1989–1990 годов), олимпийский чемпион 1988 года, серебряный призер Олимпийских игр 1996 года.

В последние годы жизни работал старшим офицером спортивного отдела ЦСКА Министерства обороны РК. Спортсмен трагически погиб в августе 2008 года.

В ходе визита министр также осмотрел капитально отремонтированный зал борьбы имени Жаксылыка Ушкемпирова, Музей спортивной славы, футбольное поле, столовую и другие объекты инфраструктуры.



Министр обороны поставил перед руководством ЦСКА ряд задач, направленных на развитие физической культуры и спорта в Вооруженных Силах.



# НАДЕЖНЫЙ ЩИТ МОРСКИХ РУБЕЖЕЙ

***В концертном зале Национального военно-патриотического центра Вооруженных сил состоялось торжественное мероприятие.***

Служба военных моряков проходит на берегу в казармах и на корабле при выходе в море. В этом году более 150 военных моряков прибыли из Актауского гарнизона в Астану для подготовки к военному параду. По случаю профессионального праздника они приняли участие в торжественном мероприятии.



Командование, личный состав и ветеранов Военно-морских сил поздравил первый заместитель министра обороны – начальник Генерального штаба Вооруженных сил РК генерал-лейтенант Султан Камалетдинов.

– Преодолев перипетии становления и развития, Военно-морские силы стали надежным щитом морских рубежей Казахстана. Сегодня в условиях нарастающих вызовов безопасности мы продолжаем укреплять Военно-морские силы, оснащая их новыми кораблями, вооружением и техникой. Участие в международных учениях и взаимодействие с коллегами из дружественных стран позволяет нам обеспечивать мир и стабильность в Каспийском регионе. Уверен, что вы и впредь будете с достоинством нести службу, приумножая славные традиции Военно-морских сил, – подчеркнул начальник Генерального штаба.

Особые слова благодарности генерал-лейтенант Султан Камалетдинов выразил ветеранам Военно-морских сил, чей опыт и преданность Отечеству и сегодня работают на укрепление Вооруженных сил.

Живой легенде этого вида Вооруженных сил контр-адмиралу Ратмиру Комратову главнокомандующий Военно-морскими силами генерал-майор Серик Бурамбаев вручил грамоту и ценный подарок.

По случаю профессионального праздника ряд отличившихся военнослужащих был поощрен ведомственной медалью «Ел қорғаны», грамотами и благодарностями.

Мероприятие завершилось праздничным концертом, подготовленным творческим коллективом Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил.

# ГЕРОИ В ОБЪЕКТИВЕ

***Показ личному составу центрального аппарата оборонного ведомства документального фильма «Отан ушін отқа түскендер» состоялся в рамках комплекса мероприятий, приуроченных к 80-летию Великой Победы.***

Как отметил заместитель министра обороны по воспитательной и идеологической работе генерал-майор Шайх-Хасан Жазыкбаев, прославившая себя в битве под Москвой панфиловская дивизия противостояла четырем закаленным в боях немецким дивизиям, прошедшим всю Европу.

– И если наши деды смогли противостоять им, проявив невиданный героизм, значит, в нас тоже заложен этот боевой дух, – подчеркнул он.

Документальный фильм из двух серий рассказывает о вкладе казахстанских воинов в Победу над фашизмом и подвигах героев-казахстанцев. В ряды Красной армии за годы войны было призвано 1 млн 200 тыс. казахстанцев в дополнение к 178 тысячам, служившим в армии накануне Великой Отечественной войны. Более 600 тысяч из них не вернулось с полей сражений. Воины из Казахстана участвовали во всех крупных сражениях. Тысячи казахов воевали в составе партизанских отрядов на территориях, оккупированных врагом.

Как повествуют авторы, из ушедших на войну 18-летних казахстанцев, рожденных в 1923 году, к 1945 году осталось лишь три процента. В картине приводятся свидетельства писателя Ильи Эренбурга, опубликовавшего в газете «Красная звезда» 18 октября 1942 года статью под названием «Казахи»: «Один фриц мне сказал: «Против нас были страшные солдаты – их не мог остановить никакой огонь, они бежали прямо на нас. Потом мне сказали, что это – казахи».

По словам автора идеи Заутбека Турысбекова, материал для фильма собирали в течение двух лет, еще столько же времени длился съемочный процесс. Информации было много, но одной из главных целей было найти имена казахстанцев, погибших в Ржевском сражении.

– Сегодня в городе Ржев на граните высечены 10 000 фамилий наших соотечественников, многим из них было по 18-20 лет. Благодаря им мы живем под мирным небом, это они подарили нам мир, и потомки должны помнить и говорить им слова благодарности, – сказал Заутбек Турысбеков.

Ценность фильма заключается и в том, что в него включены кадры с воспоминаниями живых свидетелей тех событий Касыма Кайсенова, Талгата Бегельдинова, Сагадата Нурмагамбетова, Рахимжана Кошкарбаева, Бауыржана Момышулы.



# КӨКТЕМГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ




***Шымкентте көктемгі әскерге шақыру науқаны 1 наурыздан бері қызу жүріп жатыр. Бірінші наурыздан бастап 18 бен 27 жас аралығындағы азаматтар тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органдарында медициналық комиссиядан, психологиялық тесттерден және жеке әңгімелесуден өтуде. Осы жылдың көктемінде Шымкенттен 1000-нан астам ер азаматты шақыру жоспарланған.***

Бірінші кезекте Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметінің, Мемлекеттік күзет қызметінің бөлімшелері, содан кейін – Қарулы Күштердің, Төтенше жағдайлар министрлігінің және Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланының әскери бөлімдері жасақталады.

Бүгіннің өзінде мегаполистен 130-ға жуық ер азамат конституциялық борышын орындау үшін Шекара қызметіне аттанған. Олардың барлығы шақыру комиссиясының отырысынан өтіп, «әскерге жарамды» деген шешім алған.

Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы полковник Әбдіғабит Шегебаев атап өткендей, әскерге шақыруды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, ал шақыру комиссиясын Шымкент қаласы әкімінің орынбасары басқарады.

– Шақыру науқаны бекітілген жоспар бойынша өтеді. Азаматтар медициналық тексеру нәтижесіне, кәсіби-психологиялық іріктеуіне және денсаулық жағдайы мен дайындық деңгейіне байланысты әскерлерге бөлінеді. Сонымен қатар, заңнамалық деңгейде азаматтық және әскери жоғары оқу орындарына түсу бойынша жеңілдіктер қарастырылған. Қызмет аяқталғаннан кейін жастар қосымша артықшылықтарға, соның ішінде білім беру гранттарына ие бола алады, - деді департамент бастығы полковник Әбдіғабит Шегебаев.

Сонымен қатар, брифинг барысында полковник Әбдіғабит Шегебаев өткен жылдың қорытындысын шығарды, оған сүйенсек, 2024 жылы еліміздің мегаполисінен Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға 2000-нан астам адам жіберілді.

– Өткен жылғы әскерге шақыру жоспары жүз пайыздан аса орындалды. Әскери қызметшілерге келесі әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған:

Қызмет барысында және запасқа шыққаннан кейін 60 күнге дейін несиелік демалыс;

ҰБТ тапсырмай, жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігі;

Жұмысшы мамандықтары бойынша мемлекеттік куәлік алу;
Запасқа шыққаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі, - деп атап өтті полковник Әбдіғабит Шегебаев.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы әскерге шақыру жасындағы азаматтарға әскери қызмет әрбір жігіттің заңымен белгіленген міндеті екенін тағы да еске салды.

– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес, дәлелсіз себептермен келмегені үшін айыппұлдар, ал медициналық куәландырудан жалтарғаны үшін ескерту немесе айыппұл қарастырылған. Қылмыстық жауапкершілік заңды негіздер болмаған кезде қызметтен жалтарған жағдайда туындайды, бұл айыппұлдарға, түзеу жұмыстарына, қоғамдық жұмыстарға немесе тіпті бас бостандығынан айыруға әкелуі мүмкін, - деп толықтырды ол.

Сондай-ақ, брифинг барысында сөз алған, «Қарулы Күштер арлагерлері» РҚБ  Шымкент қаласы бойынша филиалының төрағасы оставкадағы полковник Серікбай Онбаев, қалада жұмыс істейтін әскери-патриоттық клубтардың қабырғасында арнайы орта білімі бар және оқудан және шынықтырудан өткен әскерге шақырылушылар санының артқаны атап өтілді. Атап айтқанда, тек өткен жылғы екі әскерге шақыру науқанында 400-ден астам орта білімі бар азаматтар әскерге кетті.

– Қаламыздан әскерге шақырып жатқан ер азаматтарға айтарым, бүгінгі әскерде балаларымызға көп жақсы жағдайлар жасалған. Солардың ішінде сарбаз мектебін көргендерге келесі қамтамасыз етулермен қамтылады: тамақтану; киім-кешек; жеке бас гигиенасы құралдары; ай сайынғы ақшалай төлем; медициналық қызмет; пошталық жөнелтулерге жәрдемақы. Сонымен қатар, орта-техникалық немесе жоғары білім бар әскери қызметшілер 6 ай қызмет өткергеннен кейін келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге құқылы, - деп атап өтті Серікбай Оңбаев.

Шымкентте шақыру науқаны 30 маусымға дейін жалғасады және барлық іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатаң түрде өткізіледі. Шақыру қағаздары әскерге шақырылушыларға тұрғылықты немесе жұмыс орны бойынша, сондай-ақ 1414 сервисінен SMS-хабарламалар арқылы жеткізіледі. Қызметті кейінге қалдыруды немесе босатуды жергілікті атқарушы органдар арқылы не электрондық үкімет порталында ресімдеуге болады.

Кейінге қалдыру процесі толығымен автоматтандырылған. Бұрын қағаз анықтамаларды ұсыну талап етілсе, енді студенттер туралы мәліметтер Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесіне тікелей Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің базаларынан беріледі. Шетелде оқитын азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы студенттер ретінде тіркеле алады.

# САЛТАНАТТЫ КҮТІП АЛУ РӘСІМІ

***Бүгінде көктемгі әскерге шақыру қызу жүріп жатыр. Сонымен бірге өткен жылғы көктемде әскер қатарына шақырылған сарбаздар да қызметтерін аяқтап, үйлеріне оралуда. Жалпы маусым айына дейін әскер қатарынан 20 мыңнан астам мерзімді қызмет сарбазы запасқа босатылады.***



Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу және әскери қызметтің оң беделін одан әрі көтеру мақсатында «Астана-1» теміржол вокзалында 2025  жылғы 28 наурызда 2025 жылғы көктемде Қонаев қаласындағы Десанттық шабуылдаушы әскерлердің 32363 әскери бөлімінен  мерзімді әскери қызметтен запасқа босатылған 27 сарбазды «Салтанатты күтіп алу рәсімі» өткізілді.

Бұл шараға Астана қаласы қорғаныс істері департаменті, қала әкімдігінің Ішкі саясат, Жастар саясаты және Жұмылдыру даярлығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармаларының өкілдері, қала мектептерінің оқушылары және «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық клубтары тәрбиеленушілері, Қарулы Күштердің, Ауған соғысы мен жергілікті қақтығыстар ардагерлері мен сарбаздардың ата-аналары, бұқаралық-ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Іс-шара Астана қаласы әкімінің «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына дайындалу және оны мерекелеу жөніндегі «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты іс-шаралар жоспарының аясында өткізілді.

Астана қаласы Әскерге шақыру комиссиясының мүшесі отставкадағы полковник Ғани Артықов былай деп түйіндеді:

«Маусым айының аяғына дейін Астанаға өткен жылғы көктемде әскерге шақырылған 1 000-нан астам астаналық жігіттер оралады.

Олардың орнына наурыз бен маусым айларында 1 200-ге жуық жігіт әскер сапын толықтыратын болады.

Сонымен бірге ескере кететін мәселе: Қорғаныс министрлігі еліміздің 80-ге жуық жоғары оқу орындарымен бірлесіп, мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтар үшін жоғары оқу орындарында тегін оқуға 3000 орын қарастырып отыр. Бұл жеңілдік мерзімді әскери қызмет өткерген барлық азаматтарға Ұлттық бірыңғай тесттің нәтижесінсіз, әңгімелесу нәтижелері бойынша әскери борышын өткергеннен кейін екі жыл ішінде ақылы түрде ЖОО-ға оқуға түсу мүмкіндігін беруді көздейді. Мерзімді қызмет кезеңінде жауынгерлік даярлықта тәртіпті және жоғары нәтижелерге қол жеткізген жекелеген, неғұрлым лайықты әскери қызметшілерге ЖОО есебінен тегін жоғары білім алу мүмкіндігі берілетін болады».

# ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

***Ата Заңымыз – Конституцияның 36-бабында Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті болып айқындалған.***

Елімізде әскери ерлік пен әскери қызмет ерекше құрметке ие.

Отан қорғаушылар қашанда отансүйгіштіктің, халқына аянбай қызмет етудің, ерлік пен батылдықтың айқын көрінісін көрсетеді.



«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен Үкімет қаулысы негіздерінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жылына екі рет жүргізіледі.

Он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті санында мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады.

Ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап Қазақстан аумағында көктемгі шақыру компаниясының жұмысы басталды, ол 30 маусымға дейін жалғасады.

Жергілікті әскери басқару органдары, орта білім мекемелері мен басқа да мемлекеттік органдардың жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мақсатында  атқарып жатқан жұмыстарына қарамастан жылдан жылға әскер қатарында өз борышын өтеуге ниет білдірген азаматтар саны кемуде.

Бұған әртүрлі себептер әсер етуі мүмкін, яғни, бір азаматтар  әскери қызметтегі тыйымдардан, шектеулерден және қатал күнделікті әскери өмірден үрейленетін болса, енді біреулері ұялы телефондармен, интернетпен және басқа да ойын-сауықпен күндерін өткізуді қалайды, ал тағы басқалары бір жыл әскери қызмет өткергенше өз уақытын тиімдірек пайдалануға ұмтылады (бизнеспен айналысу, үйлі болу, ата-анасына көмектесу, жұмысқа тұру және т.б.).

Азаматтардың себеп-сылтаулары көп, бірақ олардың басым көпшілігі әскерге шақырудан кейінге қалдыруға негіз болып табылмайды.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 36-бабында көрсетілген негіздер бойынша ғана әскерге шақырылудан босатылады (денсаулық жағдайы бойынша, жиырма жеті жасқа толған, заңды негіздер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған; туыстарының бірі әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе оған бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда, ғылыми дәрежесі барлар, тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері).

Сонымен қатар, Заңның 35-бабында әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды беру негіздері көрсетілген.

Қазіргі уақытта Астана қаласы бойынша әскери қызметтен жалтарып жүрген  1,3 мың бозбала іздестірілуде.

Әскери қызметтің мәртебесін көтеру мақсатында 2023 жылдан бастап әскерде қызмет еткен азаматтар ҰБТ нәтижелеріне қарамастан, еліміздің жоғары оқу орындарына оқуға түсе алады, ал ерекше көзге түскендерге ақысыз оқуға гранттар беріледі.

Сонымен бірге әскери қызметтен жалтарғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтар көзделгенін де атап өткім келеді.

**БІЗДІҢ АНЫҚТАМА**

ӘҚБтК 647-бабына сәйкес – азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза белгіленген.

ӘҚБтК 648-бабына сәйкес – медициналық тексерілуден немесе жиындардан жалтарғаны үшін әскери міндеттілерге 5 АЕК мөлшерінде, ал әскерге шақырылушыға ескерту жасауға не 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза белгіленген.

Әскери қызметтен жалтарғандар үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 387-бабына сәйкес бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза көзделген.

**Ақмола гарнизоны**
**әскери прокуратурасының аға прокуроры**
**әділет подполковнигі С. Төлеужанов**

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

***Қазақстан тарихында прокуратура заң үстемдігін қамтамасыз етуде әрқашан жетекші орын алып, қоғам мен мемлекеттің мүддесін қорғайтын мемлекеттік орган ретінде қызметін атқарды.***

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ оны қадағалаудың негізгі бағыттарының бірі азаматтардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарда және басқа да құқықтық актілерде азаматтардың міндеттерін орындау кезіндегі құқықтары, бостандықтары, міндеттері мен жауапкершілігі белгіленіп, оларды әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері айқындалған.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында прокуратураның қадағалауын азаматтардың мәселелерін тиімді шешуге қайта бағдарлауды тапсырды.

Осыған байланысты азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы қадағалауды күшейтуге бағытталған бірқатар шаралар қабылданды.

2022 жылдың 5 қарашасында мемлекет Президенті «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына қол қойды.

Прокуратура органдары ережесінің ерекшелігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 2-тармағынан туындайды, оған сәйкес прокуратура өз өкілеттіктерін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және тек Республика Президентіне есеп береді.

Мәселен, Негізгі заң нормаларын, заңнамалық актілерді және Республика Президентінің актілерін бұзуды анықтау және жою шараларын қабылдау арқылы, прокуратура сол арқылы негізгі элемент ретінде Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, жедел-іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің заңдылығын, азаматтық, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырған кезде прокурор әртүрлі сатыдағы құқық қолдану, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметінде, сот процесінде азамат пен адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Өз кезегінде, Ақмола гарнизонының әскери прокуратурасы өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, проблемалық мәселелерге және әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғауға ерекше назар аударады.

Бұл ретте, Ақмола гарнизонының әскери прокуратурасы әскери қызметшілердің, оның ішінде әскери қызметтен босатылған тұлғалардың заңды құқықтарын қорғауға қатысты белсенді жұмыс жүргізуде.

Нақтырақ айтқанда, әскери прокуратураның енгізген қадағалау актілері бойынша 50 млн теңгеден аса ақшалай жәрдемақыларды, тұрғын үй өтемақыларды және зейнетақы төлемдерін төлеу арқылы көптеген әскери қызметшілердің құқықтары қорғалып, осындай заңсыздыққа жол берген кінәлі тұлғалар тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Одан бөлек, мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мәселелері прокуратураның үнемі бақылауында. Бастамашылдық талдаудың нәтижелері бойынша 417 азаматтың әскери билеттерді алу құқығы қалпына келтірілді, әкімдіктің басшысы тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Басқа жағдай, прокурорлық қадағалау актісімен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды қамтамасыз ету бойынша әскери қызметшінің құқықтары қорғалып, дербес деректерді сақтау, есепке алу және жоюдың белгілі бір тәртібінсіз бұзылған мерзімді әскери қызметшілердің конституциялық құқықтары қайта қалпына келтірілді.

Азаматтардың құқықтарын қорғау әскери прокуратура органдарының күнделікті қызметіндегі маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

Қорытындылай келгенде, еліміздің құқықтық мемлекет құру мақсатына жетудің бірден-бір асуы, Республикамызда адам мен азаматтардың құқықтары қол жетпес қазынаға айналуы қажет.

**Ақмола гарнизоны**
**әскери прокуратурасының**
**аға прокуроры Бақытжан Нұрмаханбетов**

# ПОВЗРОСЛЕЛИ И ВОЗМУЖАЛИ

***В Астане торжественно встретили поезд, доставивший домой 36 военнослужащих срочной службы, прошедших службу в десантно-штурмовых войсках в г. Алматы. На перроне вокзала их встречали родители, друзья и представители Департамента по делам обороны.***



Нариман ДЮСЕНОВ

Для всех встречающих это был волнительный момент. Все они с нетерпением ждали прибытия поезда. Нурлан Жумбаев ждал на перроне своего племянника. Мирас Женис год служил в десантно-штурмовых войсках. Ранее в той же бригаде служил сын Нурлана Жумбаева.

- Это важный этап в жизни каждого молодого человека, который мы тоже в свое время проходили в течение двух лет. Нас также провожали наши мамы, тети, бабушки, которые волновались за нас. Провожая Мираса год назад, я не сильно волновался, тем более, что ранее в этой бригаде служил мой сын. Современные средства связи помогали нам быть в курсе армейской жизни племянника. Мы очень рады, что он вернулся, и желаем ему успехов в его дальнейшей жизни, - говорит Нурлан Жумбаев.

Рядовой Тимур Телепов признается, что для него открылась новая непривычная гражданская жизнь. Он не видел родных целый год, поэтому торжественная встреча была эмоциональной.

- Армия учит человека быть дисциплинированным, порядку и постоянной работе над собой. Наша подготовка была наполнена выездами на полигон и стрельбами. Особенное внимание уделялось парашютной подготовке. Каждые выходные нам разрешали поговорить с родными по телефону. В этих разговорах мы рассказывали о нашей повседневной службе и своих армейских успехах, - говорит Тимур Телепов.

В планах у молодого человека небольшой отдых, а затем работа на пользу общества.

Все родные Тимура гордились, что он служит в таких престижных войсках, и были рады его возвращению домой. По словам его тети Жанны Сагадатовой, за год службы племянник повзрослел и возмужал, стал дисциплинированным и ответственным молодым человеком.

- Все ребята, которые сегодня вернулись домой, сильно изменились. Армейский опыт помог им возмужать и приобрести бесценный опыт строевой, стрелковой и парашютной подготовки, - отмечает заместитель начальника Департамента – начальник управления воспитательно-идеологической работы ДДО г. Астаны Мурат Исенбаев.

Важной задачей департамента является проведение агитационной работы по призыву отслуживших срочную службу на контрактную службу. Помимо этого, представители департамента разъясняют военнослужащим принципы работы платформы «Срочники 2.0».

Призыв и увольнение – это важные элементы функционирования армии. 1 марта стартовал весенний призыв на срочную воинскую службу. Призывная кампания завершится 30 июня текущего года. За это время ряды Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований пополнят более 21 тысячи молодых людей в возрасте от 18 до 27 лет. Всего в течение года будут призваны в войска порядка 42 000 человек.

Процесс увольнения солдат в запас проводится поэтапно и регламентируется Законом «О воинской службе и статусе военнослужащих». Согласно данному закону, срок службы для солдат-срочников составляет 12 месяцев, после чего они должны вернуться домой, а на их место приходит новое пополнение.

Увольнение в запас осуществляется согласно графику, который составляется в Департаменте организационно-мобилизационной работы ГШ ВС РК. В нем содержатся сведения со всех воинских частей и по нему рассчитывается количество свободных койко-мест для прибытия молодого пополнения.

Для повышения военно-патриотического воспитания и статуса воинской службы в городах страны проходят торжественные встречи парней, которые год служили на благо Родины и безопасности народа. Кроме того, такие встречи – это преемственность поколений, поскольку их посещают ветераны Вооруженных Сил и локальных конфликтов.

По прибытии из рядов Вооруженных Сил молодым людям необходимо прописаться и встать на воинский учет, а затем каждый из них продолжает свой путь: кто-то идет работать, кто-то продолжает служить по контракту или идет учиться.

- Всего в Астану до конца июня из воинских частей, дислоцирующихся по всей стране, вернутся более тысячи астанчан, призванных весной прошлого года. На замену им в армейский строй с марта по июнь отправятся порядка 1200 столичных парней.

Следует отметить, что Министерством обороны совместно с порядка 80 вузами страны предусмотрено три тысячи мест для бесплатного обучения в высших учебных заведениях для солдат срочной службы. Данная льгота предусматривает предоставление всем гражданам, отслужившим срочную воинскую службу, возможности поступления на обучение в вузы на платной основе в течение двух лет после прохождения срочной воинской службы по результатам собеседования без учета Единого национального тестирования.

- Отдельным, наиболее достойным военнослужащим, дисциплинированным и достигшим в период срочной службы высоких результатов в боевой подготовке, будет предоставлена возможность получения бесплатного высшего образования за счет вуза, - поясняет член призывной комиссии г. Астаны полковник в отставке Гани Артыков.

В заключение стоит добавить, что всего весной из армейских рядов будут уволены в запас более 20 тысяч парней.





# ЧТИМ ПАМЯТЬ ГЕРОЕВ

***В Павлодаре на территории Департамента по делам обороны прошли торжественные проводы призывников в Десантно-штурмовые войска, посвященные 80-летию Победы в Великой Отечественной войне.***

В мероприятии приняли участие ветераны Вооруженных Сил Республики Казахстан, член ОФ «Совет ветеранов и инвалидов Афганской воины и локальных воин г. Павлодара и Павлодарской области» Нуржан Зарканов, воспитанники военно-патриотического клуба «Жас сарбаз», руководство Департамента по делам обороны Павлодарской области, представитель в/ч 32363 лейтенант Аслан Нурмагамбетов, родители и родственники призывников. Также в торжественных проводах принял активное участие депутат маслихата г. Павлодара Болат Сулейменов, который ранее проходил срочную воинскую службу в элитной десантно-штурмовой бригаде, куда сегодня направляются призывники.

- В целях формирования преемственности поколений, военно-патриотического воспитания молодежи сегодня проводится данное мероприятие. Воспитывая молодежь в духе казахстанского патриотизма, мы направляем усилия на подготовку молодежи к службе в армии. Желаем нашим молодым воинам успешной службы, постигать новые способы и методы работы с вооружением и военной техникой, всегда помнить о том, что мы на вас надеемся и ждем вас дома. Пусть всегда над вами будет полный купол парашюта и ждет мягкое приземление, - отметил депутат городского маслихата Болат Сулейменов.

Ярким моментом мероприятия стало вручение воспитанниками военно-патриотического клуба «Жас сарбаз» подарков призывникам, которые убывают служить в Вооруженные Силы.

Будущие защитники Отечества из Прииртышья будут проходить службу в элитной воинской части 32363 ДШВ ВС РК в Конаеве. Гости и родители отметили, что их сыновья убывают на службу в армию в преддверии 80-летия Победы в Великой Отечественной войне, и они обязаны чтить память наших предков, которые защитили родную землю в те суровые годы.



# ИСПОЛНЕНИЕ ВОИНСКОГО ДОЛГА – ОСОБАЯ МИССИЯ

***В Павлодарской области проходит призывная кампания. О ходе весеннего призыва мы поговорили с заместителем начальника Департамента по делам обороны Павлодарской области (ведающего вопросами призывной работы) - начальником управления призыва и вневойсковой работы подполковником Куатом Жакановым.***

**- Куат Тлеукабылович, как проходит в регионе призывная кампания?**

- С 1 марта на призывных пунктах местных исполнительных органов региона проводят работу городские и районные призывные комиссии под председательством заместителей акимов.

До конца июня 2025 года ряды Вооруженных Сил, Пограничной службы Комитета национальной безопасности, Службы Государственной охраны и Национальной гвардии пополнят 679 павлодарцев, из которых около 60 будут проходить службу в ПС КНБ, 340 - в ВС РК, около 250 - в НГ и около 9 человек - в СГО, МЧС РК - 20 человек. Около 100 призывников из Прииртышья уже были призваны в ПС КНБ, и в данное время идет комплектование команд ВС РК.

В соответствии с действующим законодательством, на срочную воинскую службу призываем граждан Республики Казахстан в возрасте от 18 до 27 лет, не имеющих оснований для получения отсрочки или освобождения.

Необходимо отметить, что отсрочка или освобождение от призыва являются государственными услугами. Они предоставляются гражданам через портал Электронного правительства. Ответственными за оказание указанных услуг являются местные исполнительные органы.

Оповещение призывников осуществляется путем рассылки SMS-сообщений, а также посредством направления персональных повесток на домашние и служебные адреса.

В ходе призывной кампании каждый молодой человек постоянно получает информацию о призыве и ответы на все интересующие вопросы. Для этого в Департаменте по делам обороны работает проектный офис «Қарулы Күштер – адалдық алаңы», созданы электронный почтовый ящик и официальный аккаунт в социальных сетях.




Наша общая задача – мотивировать молодежь на службу в армии, исполнение воинского долга, являющегося особой миссией. Надо особо отметить, что молодые люди призываются на срочную службу в год 80-летия Победы в Великой Отечественной войне.

**- Какие организации помогают в агитационной, информационно-разъяснительной и имиджевой работе с допризывной молодежью?**

- Огромную помощь в данном вопросе нам оказывают председатель Павлодарского филиала РОО «Ветераны ВС РК» майор в отставке Жан Каратаев, руководитель республиканского общественного объединения «Комитет солдатских матерей Сердца матерей» Лилия Хайруллина, ветеранские организации области.

На постоянной основе ДДО области организовано взаимодействие с Управлением образования Павлодарской области по вопросу военно-патриотического воспитания граждан. Все мероприятия военно-патриотического характера в городе и в районах проходят с участием представителей Управления образования области. Составлен график посещения начальниками управления и отделов по делам обороны закрепленных за ними общеобразовательных и средне-специальных учебных заведений области, где проводятся «уроки мужества».

С Управлением информации и общественного развития Павлодарской области, отделом внутренней политики г. Павлодара ДДО Павлодарской области разработаны и введены в действие совместные планы по проведению агитационной и имиджевой работы, согласно которым проводится размещение билбордов, баннеров, прокрутка роликов на LED-экранах о деятельности ВС РК.

Воспитание будущих призывников в основном происходит в стенах общеобразовательных и средне-специальных учреждений образования. Поэтому от качества подготовки в школе, колледже зависит призывной контингент, который в дальнейшем мы призываем в Вооруженные Силы.



# ТЫЛДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК

***Ұлы Отан соғысы кезіндегі әйелдер майдан шебінен алыс жерде, елдің тылында еңбек етіп, майданға үлкен үлес қосты. Олар түрлі салаларда қызмет етіп, елдің экономикалық, өндірістік және әлеуметтік тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарды. Олардың есею кезеңдері ел басына түскен ауыртпалықпен тұспа-тұс келіп, қолдан келген көмектерін аямады. Ерлер майдан даласында ерлік көрсетсе, олардың аналары мен әпкелері тылда сол Жеңіс жолында тер төкті. Бұл екі майдан – майдан мен тыл бір мақсат үшін қызмет етті.***



Соғыс жылдары Қазақстанда 2,5 миллионнан астам адам еңбек майданында Олар соғысқа кеткен ер азаматтардың орнын толтырып, екі есе күш салуға мәжбүр болды. Жұмыс шарттары өте ауыр болды. Олар таңның атысы, кештің батысына дейін ауыр еңбектің барлық түрімен айналысты.

Кейбір мәліметтерге сүйенсек:

- Соғыс жылдары Қазақстанда 85 миллион пұт астық өндірілді.
- 150 мың тоннадан астам ет дайындалып, майданға жіберілді.
- Әйелдер зауыттарда 600 мыңнан астам әскери киім тікті.

Көпшілігі майдандағы күйеулерінен айырылса да, олар отбасын, елін сақтап қалуға бар күшін салды.

Тыл жұмысындағы әйел бейнесі – бұл шыдамдылықтың, қажырлы еңбектің және елге деген шексіз махаббаттың символы. Тыл әйелдерінің тағы бір қыры – аналық борышын өтеу. Олар өз балалары үшін ғана емес, майдандағы ұлдары мен ел үшін қызмет етті. Соғыс жылдарында аналар жалғызбасты күйде балаларына тәрбие беріп, оларды еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа баулыды. Қиындықтарға қарамастан балаларын білімге, адал еңбекке үйретті.

Тылдағы әйелдердің еңбегі елеусіз қалған жоқ. Олардың еңбекқорлығы, төзімділігі және қайсарлығы қоғам тарапынан жоғары бағаланып, түрлі ордендер мен медальдармен марапатталды. Олар: «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Ұлы Отан соғысы» медальдары, «Құрмет белгісі».

Тылда жұмыс істеген әйелдер мен ерлердің ерен еңбегі, жанқиярлығы бүгінгі күнде де ұмытылмайды. Әрбір марапат, әрбір медаль олардың Жеңіске қосқан символы болып қалады. Бүгінгі бейбіт өмірдің әрбір сәті – тылдағы еңбеккерлердің қажырлы еңбегі мен ерлігінің нәтижесі. Бұл тарихты ұмытпау және оның батырларын құрметтеу біздің басты міндетіміз.

Тылда еңбек еткен әйелдердің есімі тарихта алтын әріппен жазылуға лайық. Бүгінде олардың ерлігін насихаттау мақсатында мектептерде тарихи сабақтар өткізіліп, музейлерде арнайы көрмелер ұйымдастырылады. Алайда бұл аздық етеді. Біздің басты парызымыз – олардың еңбегін болашақ ұрпаққа жеткізу.

Тылдағы әйелдердің еңбегі тек өткеннің тарихы емес, ол – бүгінгі бейбіт өміріміздің негізі. Олардың қайсарлығы мен еңбекқорлығы – біз үшін өнеге. Біз бүгінгі таңда бейбіт күн кешіп отырғанымыз үшін сол аналарға қарыздармыз.

«Олардың қолымен тігілген әрбір шинель, пісірілген әрбір нан, атылған әрбір оқ – Ұлы Жеңіске қосылған үлес».

Олардың есімі ешқашан ұмытылмауы тиіс.

**Балгүл Тілеуберген,**
**«Анаға құрмет музейінің» экскурсия жетекшісі**

# ТАРИХИ ТАНЫМЫН КЕҢЕЙТТІ

***Әскери өмірдің қызықты әрі мәнді өтуі үшін 44803 әскери бөлімінің С-300 зениттік-зымырандық дивизионының сарбаздары командирдің тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары майор Рамазан Бахтияровтың бастамасымен әртүрлі мәдени шараларға, экскурсияларға, қалалық іс-шараларға қатысып тұрады. Бұл жолы олар Қарағандының тарихи әрі мәдени мұрасымен танысу мақсатында КарЛаг мұражайына барды. Мерзімді әскери қызметшілер өз елінің тарихын терең түсініп, өткеннің ауыр сабақтарын алуға ерекше мән берді. Әсіресе, саяси қуғын-сүргін кезеңін бейнелейтін мұражайдың әр бөлмесінде сол кездің ауыртпалығын сезініп, ой түйді.***



Мұндағы ерекше экспонаттар, сақталған артефактар, бұрынғы еңбекпен түзеу лагерінің құжаттары мен құралдары сарбаздардың санасында терең із қалдырды. КарЛагтың орнында болған жас сарбаздар өздері үшін осы саяси қуғын-сүргіннің қандай ауыр әрі қаралы тарих екенін сезінді. Мұражайдың басты бөлімдерінің бірі – «Мамочкино моласы». Бұл жерде КарЛагта қырылып, шағын қорымдарға жерленген сәбилердің кереуеттері сақталған. Бұл жайт сарбаздардың жанына ерекше әсер қалдырды. Майор Рамазан Бахтияров мұражайда сақталған көптеген түпнұсқа заттарды көрсетіп, олардың қаншалықты маңызды әрі тарихи мәні бар екенін атап өтті.

– Бұл мұражайда көптеген заттар түпнұсқа ретінде сақталған, солардың әрқайсысы өткеннің ауыр кезеңін еске түсіреді, қасіретті жылдарда жазықсыз жапа шеккен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, олардың рухына тағзым еттік. Біз тарихтан тағылым алып, өткенімізге салауат айтуды, бұрынғылар алдындағы осынау қасиетті борышымызды келешек ұрпаққа аманат етуді ниет етіп, дәстүрге айналдырдық, - деді шараны ұйымдастырушы Рамазан Бахтияров.

КарЛаг – бұл тек қана тарихи таңба емес, бүкіл бір халықтың басынан өткен қасірет. Қазақстанның ең ауыр тарихы болып табылатын бұл кезең туралы жастарға терең білім беру өте маңызды. Мұражайдың ашылуы 2001 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен іске асты, оның мақсаты еліміздің өткендегі ауыр кезеңдеріне қатысты ұмытылмас естеліктерді сақтау және жаңа ұрпаққа тарихи білім беру болатын. КарЛаг мұражайында болған 44803 әскери бөлімінің С-300 зениттік-зымырандық дивизионының сарбаздары мұражайдың басшылығы Гүлдана Бейсенғалиева бастаған қызметкерлерге өздерінің қонақжайлылығы мен экскурсияның қызықты әрі танымды болғаны үшін алғыстарын білдірді. Бұл экскурсия әрбір сарбаздың санасына терең әсер етіп, олардың өткен тарихқа деген құрметін арттырды.




# СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ ШАҚЫРҒАН ШАРА

***«Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 30217 әскери бөлімінің әскери қызметшілері өз қамқорлығындағы мектеп оқушыларымен Ерлік сабағын өткізді.***



Бөлім әскерилері жас жеткіншектердің бойында Отанға, туған ел мен жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында қамқорлыққа алынған №22 мектеп-лицей оқушыларымен түрлі іс-шаралар өткізіп тұрады. Бұл жолы Ерлік сабағын ұйымдастырды. Сабақта әскери бөлімнің барлау-шабуылдау батальоны командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Бақытжан Әбдіраманұлы еліміз Қарулы Күштерінің құрылу мен қалыптасу тарихы туралы әңгімеледі. Әскери қызмет – мемлекеттік қызметтің ерекше түрі екенін түсіндірді. Әскери оқу орнына түсудің тәртібі, мерзімді әскери қызмет өткергендерге мемлекет тарапынан берілген жеңілдіктер туралы да мол ақпарат берді. Сондай-ақ, кіші сержант Ж.Айтуған техникалық сипаттамаларын түсіндіре отырып, қару-жарақ түрлерін, әскери киім үлгілерін көрсетті. Оқушылар АК-74 автоматын шашып, қайтадан жинау тәсілдерімен танысты. Қызықтырған сұрақтарын да қойып жатты. Сабақтың соңында әскери бөлім қолбасшылығына ризашылықтарын білдірді.

**Алуа Искакова**

# ЖЕҢІСТІҢ ҚҰРМЕТІНЕ 80 КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

***Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ұйымдастырған «Парктер шеруі-2025» табиғатты қорғау акциясы аясында Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Сабыр Рахымов атындағы әскери колледждің аумағында «Табиғатты аялайық – болашақты ойлайық» ұранымен 80 көшет отырғызып, көгалдандыру іс-шарасын өткізді.***

Табиғатты қорғау акциясы салтанатты митингіден бастау алды. Онда «Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің» Бас директоры Сағадат Нұржігітов осындай бастаманың маңыздылығы туралы айтып, Әскери колледж ұжымына қоршаған ортаны қорғаудағы белсенді ұстанымы үшін алғысын білдірді.

– «Парктер шеруі» – қорықтарды, ұлттық және табиғи саябақтарды және басқа да қорғауға алынған табиғи аумақтарды қолдау және сақтау идеясы төңірегінде адамдарды біріктіруге арналған халықаралық қоғамдық акция. Біздің елімізде ол 1996 жылдан бері өткізіліп келеді, - деп атап өтті Сағадат Нұржігітов.

Сонымен қатар, Сағадат Нұржігітов колледж басшылығын алғыс хатпен марапаттап, тәрбиеленушілеріне саябақ аумағында демалуға 25 жолдама берді.

Салтанатты бөлімнен кейін колледж тәрбиеленушілері, офицерлер мен оқытушылар саябақ қызметкерлерімен бірге ағаш отырғызуға кірісті. Олар мектеп аумағында және мектеп маңында ағаш көшеттерін отырғызды. Ағаш отырғызу кезінде саябақтың өкілдері акцияға қатысушыларға ағаш отырғызуды қалай дұрыс жүргізу керектігін түсіндірді. Жалпы алғанда 20 дана боз арша, 20 дана жеміс және 40 дана жалпақ жапырақты ағаштар отырғызылды.

Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Сабыр Рахымов атындағы әскери колледждің бастығы, полковник Мақсат Ахшалов атап өткендей, ағаш отырғызу балаларға қоршаған ортаға қамқор болуды үйретеді, табиғи байлықты сақтауға және оны көбейтуге шақырады.

– Көшет отырғызудың өзі балалар мен ересектерді біріктіреді. Сонымен қатар, болашақта балалар өз еңбектерінің жемісін көре алатыны жақсы емес пе?! Ағаш отырғызу – бұл есте қалатын және басқаларға қуаныш сыйлайтын із қалдыру, - деп қосты полковник Мақсат Ахшалов.

Экоакция соңында мектеп тәрбиеленушілері ұлттық саябақ қызметкерлеріне отырғызылған ағаштарға күтім жасаймыз деп уәде берді.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**



# БОЛЬШАЯ ЧЕСТЬ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

***Подготовка к военному параду, посвященному 80-летию Победы в Великой Отечественной войне, идет полным ходом, и каждый из военнослужащих осознает, насколько важна для страны эта дата.***



**Военно-духовой десант**

Для участия в параде из Тараза в Астану выехал военный оркестр Регионального командования «Юг». В столице коллектив войдет в состав сводного духового оркестра, который будет сопровождать парад 7 мая.

Музыканты долго и усердно готовились накануне отъезда. Под руководством начальника военного оркестра майора Рустема Насырова коллектив провел множество репетиций, оттачивая свое мастерство и разучивая торжественные композиции.

Вместе с музыкантами военного оркестра Регионального командования «Юг» в Астану отправились представители оркестров 5-й и 6-й механизированных бригад из Тараза и Шымкента, а также военные музыканты из Гвардейского и Сарыозекского гарнизонов, из филиалов Национального военно-патриотического центра Министерства обороны.

Всего из южного региона в столицу выехали 50 военных музыкантов. Они станут составной частью сводного военного оркестра, который будет насчитывать около 250 человек.

– Для нас огромная честь войти в состав сводного оркестра и сопровождать парад, посвященный Дню Победы и Дню защитника Отечества, это будет грандиозное мероприятие, – подчеркивает майор Рустем Насыров, начальник военного оркестра РгК «Юг». – Конечно, предстоит напряженный период занятий и тренировок, но мы настроены решительно и намерены усердно работать, чтобы музыкальное сопровождение парада состоялось на высоком уровне.

У военных музыкантов необычная специальность. Она требует не только хорошей игры на инструментах, но и знания строевой подготовки, правил общевойскового этикета, а также постоянного поддержания физической формы. Большое внимание уделяется внешнему виду музыкантов, ведь военный оркестр – это лицо любой церемонии или торжественного мероприятия.

Трубы, валторны, тромбоны, флейты, кларнеты, саксофон, барабан – такое вот оружие у военных музыкантов. И это мощное оружие, которое способно пробудить боевой дух и поднять в атаку. В войсках Регионального командования «Юг», как и в других воинских объединениях, без военного оркестра не обходится ни одно торжественное мероприятие, церемония или воинский ритуал. Строевые композиции военных оркестров помогают сплочению воинских коллективов, укреплению чувства товарищества и армейского коллективизма, обостряют чувство гордости за общее ратное дело.

Влившись в состав сводного военного оркестра, который



будет сопровождать парад в Астане, военные музыканты южного региона готовы продемонстрировать высочайший уровень мастерства и внести свой вклад в празднование великой даты.

**Сохранение боевых традиций**

Для подготовки к военному параду в столицу направлены около ста военнослужащих 54-й артиллерийской бригады из Гвардейского гарнизона.

Для участия в параде артиллеристы везут пистолет-пулеметы Шпагина, пулеметы «Максим» калибра 7,62 мм, боевые машины реактивной системы залпового огня «Прима» на базе Урал-4320 и 152-мм гаубицы 2А65. Эти исторические образцы вооружения станут важной частью парадного марша в День Победы.

Командир 54-й артиллерийской бригады полковник Даулет



Жоргатаев отметил, что военнослужащие прошли интенсивную подготовку и готовы с гордостью представить Гвардейский гарнизон и Региональное командование «Юг» на параде.

54-я артиллерийская бригада имеет глубокие исторические корни, уходящие в 1941 год, когда был сформирован 828-й артиллерийский полк в Барнауле. Это подразделение принимало участие в крупнейших сражениях Великой Отечественной войны, включая Сталинградскую битву, и получило почетное звание гвардейского.

– Для меня большая честь участвовать в параде Победы. Мой прадедушка и его брат сражались на фронтах Великой Отечественной войны, и теперь я, их потомок, имею возможность пройти по площади столицы, – сказал гвардии рядовой Ильяс Есимов, подчеркивая личную связь с историей.



Участие артиллеристов в параде – это дань уважения героическому прошлому и сохранение боевых традиций, передаваемых из поколения в поколение.

**Отработка до совершенства**

Более 150 военнослужащих Военно-морских сил Актауского гарнизона, среди которых офицеры, старшины и матросы, отправились в Астану для дальнейшей подготовки к военному параду.

С теплотой и гордостью простились на вокзале родные и





близкие моряков, удостоившихся чести принять участие в торжественном марше, который пройдет 7 мая в Астане.

– Горжусь моим сыном, – поделилась мама матроса Али Битева Гульмира Калмуратова. – Он уже шесть месяцев служит на боевом корабле в дивизионе разнородных кораблей. Участвовать в параде – это действительно большая честь, и не каждому выпадает такая возможность. Желаю всем морякам успешного выполнения этой ответственной миссии.

В военном параде примут участие моряки из разных подразделений, включая дивизион разнородных кораблей, десантно-штурмовой батальон, службу гидрографического обеспечения, комендантскую роту и учебный центр Военно-морских сил.

Отправке моряков предшествовала тщательная подготовка, в частности, военнослужащие оттачивали элементы строевой подготовки, тренируясь на территории военно-морской базы и на военном пирсе.

Подготовка требует от военнослужащих строгой дисциплины и хорошей организации, ведь каждый элемент должен быть отработан до совершенства. Занятия были организованы по четкому плану, чтобы воины смогли достойно представить на параде Военно-морские силы.

**Заключительные тренировки перед парадом**

На плацу штаба Регионального командования «Юг» прошла заключительная тренировка женщин-военнослужащих, которые примут участие в параде в Астане 7 мая. От воинских частей Таразского гарнизона для участия в параде были отобраны десять девушек-военнослужащих. Кандидаток также выбрали в Сарыозекском, Гвардейском, Шымкентском и других гарнизонах. Всего на парад из южного региона отправятся 58 военнослужащих-женщин.

В день заключительной тренировки с напутственными словами к девушкам обратился заместитель командующего войсками Регионального командования «Юг» по боевой подготовке полковник Ержан Мейрманов. Он оценил усердие военнослужащих в занятиях по строевой подготовке и выразил уверенность, что девушки достойно проявят себя при подготовке в Астане и на самом параде. От имени командующего войсками Регионального командования «Юг» полковник Мейрманов пожелал девушкам успешной подготовки и блестящего выступления.



– Для всех нас большая гордость, что наши землячки представят южный регион на параде, – заверил полковник Ержан Мейрманов. – Уверен, они приложили максимум сил при подготовке здесь, на месте, также будут стараться в Астане и покажут высший класс на параде!

На следующий день после заключительной тренировки военнослужащие- девушки выехали в Астану. В это же время из Гвардейского и Сарыозекского гарнизонов в столицу выехал мужской состав участников парада. По прибытии военнослужащие разместятся в специальном полевом лагере, разбитом близ Астаны и продолжат тренировки. Ежедневные занятия отточат их мастерство до совершенства.

– Мы усердно тренировались весь март. Это большая ответственность представлять наш регион на таком важном




мероприятии, – признает начальник административно-хозяйственной части штабного батальона РгК «Юг» младший сержант Айдана Айткулова. – Но мы постараемся выступить достойно и не подведем наши войска!

Парад, посвященный Дню Победы и Дню защитника Отечества, 7 мая будет смотреть вся страна – трансляция пройдет на всех республиканских каналах. С волнением и трепетом за прохождением парадных расчетов, в том числе и женских, будут наблюдать и жители южного региона, ведь землячки в строю – это повод для общей гордости!

Особенно будут переживать за своих члены семей участниц парада: среди отобранных на парад женщин-военнослужащих немало матерей. Их дети готовы потерпеть отсутствие мам в течение месяца ради такого грандиозного события, как парад. Зато потом все они будут горячо делиться впечатлениями: одни – от участия в нем, другие – от просмотра.

# ПРОТИВ ПАВОДКА

***Военнослужащие Бригады территориальной обороны продолжают противопаводковые работы в Северо-Казахстанской области.***

С 12 марта 2025 года в Северо-Казахстанской области проводятся активные противопаводковые мероприятия. Под руководством акима области Нурмухамбетова Гауеза Торсановича и командира воинской части 99275 подполковника Баймаханова Асета Амировича военнослужащие Бригады территориальной обороны выполняют задачи по укреплению защитных дамб и подготовке территории к возможному паводку.

На данный момент работы ведутся на двух ключевых объектах. Первый из них микрорайон Подгора в Петропавловске, где ежедневно с 09:00 задействовано 20 военнослужащих. Под руководством старшего группы майора Ибраева Д. А. бойцы занимаются подготовкой мешков с песком для укрепления искусственных дамб.

Другой ключевой объект - село Тепличное в Кызылжарском районе. Здесь аналогичные работы выполняют 30 военнослужащих под руководством подполковника Абдыкаимова К. К.

Питание личного состава организовано силами акимата и доставляется непосредственно на места выполнения работ.

Для транспортировки военнослужащих привлечено три единицы техники.

Стоит отметить, что с 12 по 27 марта военнослужащие подготовили 19 600 мешков с песком и укрепили 3 600 метров защитных дамб. Работы продолжаются.



# ӘСКЕРИ БӨЛІМНІҢ МЕРЕЙТОЙЫ

***Үштөбе гарнизонындағы Әуе қорғанысы күштерінің 15603 әскери бөлімінің құрылғанына 45 жыл толуына байланысты мәдениет үйінде салтанатты іс-шара өтті.***



Тарихқа көз жүгіртсек, 15603 әскери бөлімі Түркістан әскери округінің 40-шы армиясы құрамында 1980 жылдың 15 наурызында Түрікменстан Республикасы Кала-и-Мор станциясында құрылған. Ал, 16 наурызда батальон Ауған жеріне Шинданд аэродромына көшірілген.

Кейін жеке автомобильді батальон Түркістан әскери округінің 40-шы армиясының құрамында 1980 жылдың 16 наурызынан 1989 жылдың 2 ақпанына дейін Ауған соғысына қатысқан.

Сол бір қарбалас жылдарда сарбаздар Ауған жерінде 10 жыл бойы өздерінің әскери борыштарын адалдығымен атқарып, 150-ден астам офицер, сержант және қатардағы сарбаздар жауынгерлік орден және медальдармен марапатталған.

Бұл соғыста әскери бөлімнің 18 жауынгері қаза тапты.

Олардың есімдері: майор В.Матвеев, капитан В.Стуканов, прапорщик И.Подьячев, сержант С.Илюхин, қатардағы В.Ярыгин, қатардағы А.Мацко, қатардағы А.Нагаев, қатардағы С.Мосин, қатардағы А.Овсянников, қатардағы А.Остапенко, қатардағы В.Найдыч, қатардағы С.Попов, қатардағы Г.Дорофеев, қатардағы В.Крук, қатардағы А.Лашук, қатардағы А.Сорокин, қатардағы А.Хадыров, қатардағы А.Шляпников.

Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзеткен, халқымызға қорған болған осы ер есімдері ел есінде мәңгі қалар.

1989 жылдың 2 ақпанынан бастап батальон Ауған жерінен Ташкент облысы Бройлерное кентінде, одан кейін Самарқан қаласында орналасқан.

Содан кейін 1990 жылдың 19 маусымынан бастап батальон осы Қарабұлақ ауылына 62362 әскери бөлімінің орнына орналасып, Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамына кірді.

Батальон Қазақстан бойынша жанар-жағармай және әскери мүліктерді тасумен айналысты.

2018 жылы батальонға 30131 әскери бөлімін қосып, Қорғаныс министрінің бұйрығына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз ету полкы статусы берілді.

Айтулы күні әскери бөлім командирі баяндама жасап, әскери қызметшілерге мерекелік төс белгі мен алғыс хаттарды салтанатты түрде табыс етті. Салтанатты шараға аудан әкімі Ұлан Досымбеков арнайы келіп құттықтап, жылы лебізін, игі тілектерін жеткізді.

– Міне, бүгінгі күні Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқан аға ұрпақ пен жас буынды әскери бөлімнің 45 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Әскери ар, намыс, айбын және даңқ символы – әскерилер жүрегіндегі жауынгерлік ту қашанда биікте тұрып, ел игілігі жолында ерен еңбегі мен күш-қуаты ешқашан таусылмасын. Еліміздің өркендеу жолында аянбай атқарып жатқан қызметтеріңізде төзімділік танытқандарыңыз үшін алғысым шексіз, - деді әскери бөлім командирі полковник Сәкен Мукимбеков.

Салтанатты шара соңы көркемөнерпаздардың мерекелік концертімен жалғасты.

**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі**

# «АЛАУ» ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ОЙЫНЫ ҮЗДІКТЕРДІ ЖИНАДЫ

***Абай облысының Шүлбі кентінде «Алау» әскери-спорттық ойынының облыстық іріктеу финалы өтті. Әскери-спорттық ойынның финалына 70-тен астам мектеп оқушылары жиналып, өз аудандары мектептерінің намысын қорғады. Олар Семей, Аягөз қалалары, Абай, Ақсуат, Бородулиха, Жарма, Көкпекті және Мақаншы аудандарынан келген үздік командалар бақ сынасты.***

«Алау» ойынының талаптары бойынша оқушылар саптық байқау, белтемірге тартылу – ұлдар үшін, арқада жатып денені көтеру – қыздар үшін, автоматты толық емес бөлшектеу және жинау, шығармашылық конкурс және өз елдімекенінің тарихи тұлғасы бойынша жобаны қорғау бойынша сынақтар өткізілді.

Екі күнге созылған «Алау» әскери-спорттық ойынының облыстық финалы кезеңінде жекелей және командалық есепте үздік нәтиже көрсеткен оқушылар мадақтама қағаздары және кубоктармен марапатталды. Үздік үштікте орындар келесідей орналасты: үшінші орын – Аягөз ауданының





командасы, екінші орын – Ақсуат ауданының командасы және жүлделі бірінші орынды – Жарма ауданының командасы еншілеп, республикалық ойынға жолдаманы жеңіп алды.

Еске салайық, «Алау» әскери-спорттық ойынының республикалық кезеңі 2025 жылдың маусым айында Қарағанды облысында өтетін болады.

**Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі**

# «НАУРЫЗ» ЖАРЫСЫ

***Семей қаласындағы орта мектептердің «Жас сарбаз» сыныптарының оқушылары арасында «Наурыз» әскери-спорттық жарысы болды.***

Жарыс басталмас бұрын Абай гарнизонындағы 44736 әскери бөлімінің әскери қару-жарақ көрмесі ұйымдастырылды. Қала мектептерінің оқушыларына 62 миллиметрлі модернизацияланған Калашников пулеметі, SIG Sauer SSG 3000 мергендік винтовкасы, 7,62 миллиметрлі Драгуновтың мерген мылтығы, жасырын тасымалдауға арналған 9 миллиметрлі ПП-90 пистолет пулеметі, 9 миллиметрлі Макаров пистолеті, 5,45 миллиметрлі және калибрі 7,62 миллиметр жаңартылған Калашников автоматтары көрсетілді.

Әскери-спорттық жарыс бессайыс түрінде өткізілді. «Жас сарбаздың» 8-9 сынып оқушылары Калашников-74 автоматын жартылай бөлшектеу мен жинақтау, арқаға жатып, кеудені көтеру, белтемірге тартылу, жалпыәскери қорғаныс жиынтығын кию, қол күресі, арқан тарту секілді әскери-спорттық және әскери-қолданбалы спорт түрлерінен сайысқа түсті. Жарыстың әр кезеңінің дұрыс өткізілуін 44736 әскери бөлімінің әскерилері: бөлімше командирі – жауынгерлік машина командирі, сержант Азамат Амренов, мергендер бөлімшесінің командирі, кіші сержант Әлібек Ғазизов, аға барлаушы сержант Рахметжан Нұрахметов пен әскери бөлімнің дене дайындығы және спорт қызметінің бастығы капитан Дархан Кесикбаев қадағалады. Оған негіз – жарысты ұйымдастырушы Семейдегі №49 орта мектеп пен





44736 әскери бөлімі арасындағы ынтымақтастық меморандумы. Әскери бөлім мектептегі «Жас барлаушы» әскери-патриоттық клубы тәрбиеленушілерінің әскери-спорттық әзірлігін жетілдіруге үлкен үлес қосып келеді. Қарулы Күштерде қызмет етуге жас ұрпақтың әскери бағыттары мен дене дайындығын, жаппай дене тәрбиесі-сауықтыру іс-шараларын, әскери-спорттық жарыстарды ұйымдастырып өткізуде де бір-біріне қолдау көрсетеді.

Қорытындысында жарыстың әр түрі бойынша үздіктер анықталды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубок, медаль және мақтау грамоталарымен марапатталды. Жоғары деңгейде өтуіне атсалысқандарға алғыс хат табысталды.

Айта кетейік, бұл жарыс ұлттық рухты биіктететін отансүйгіш жасөспірімдерді тәрбиелеу, жас ұрпақтың бойында рухани, адамгершілік және патриоттық құндылықтарды қалыптастыру, балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, қолданбалы әскери спорт түрлерін дамыту, «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері арасындағы достықты нығайту әрі әскери қызметке деген ынтасын арттыру мақсатында жүзеге асты.

**Алуа Искакова**
**Суретті түсірген автор**

# «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ» БАЙҚАУЫ

***Өтенай ауылдық мәдениет үйінде Талдықорған қаласы әкімінің жүлдесі үшін және Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жігіт сұлтаны» байқауы өтті.***



Екі кезеңнен тұрған байқауға Талдықорған қаласының әскери бөлімшелері мен колледж студенттерінен 18-29 жас аралығындағы 14 жігіт спорт және өнер кезеңдері бойынша бақ сынасты.

«Жігіт сұлтаны» байқауына 54380 әскери бөлімінің мерзімді қызметтегі сарбазы қатардағы Ерназар Несіпбек те қатысып, өз бағын сынаған еді. Байқау қорытындысы бойынша ақыл-білімі, тапқырлығы және ер жігітке тән ерекше қасиеттерімен дараланған I дәрежелі дипломмен және 100 000 теңге сертификатын қала әкімі Ернат Бәзіл қатардағы Ерназар Несіпбекке салтанатты түрде табыс етті.

Қуанышын арнайы үйіне келіп көп балалы анасы Зарина Абаевамен бөлісіп, марапаттарымен бірге гүл шоғын табыс етті.



# «САРДАР» ҚАЛАЛЫҚ КЕШЕНДІ ОЛИМПИАДАСЫ

***Талдықорған қаласындағы Сайын Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп базасында «Сардар» қалалық кешенді олимпиадасы өтті. Олимпиада Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізіліп отыр.***

«Сардар» қалалық кешенді олимпиадасына қала мектептерінің 11 сынып оқушыларынан құралған сегіз команда қатысып, өз бақтарын сынады.

Ойынға әдістемелік нұсқаулық және төрешілік жасауға білім беру мекемелерінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушы-ұйымдастырушылары бекітілді.

Олимпиада алты кезеңмен өткізілді: «Теориялық кезең пәндер бойынша тестілеу: математика, физика, орыс тілі, қазақ тілі және алғашқы әскери дайындық пәндерінен тест», «Практикалық кезең: АК-74 автоматын жартылай бөлшектеу және жинау», «Саптық дайындықтан нормативтер тапсыру», «Дене дайындығын анықтау кезеңі: 3000 метрге жүгіру», «100 метрге жүгіру», «Кермеге тартылу».

Шараның басты мақсаты – жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау және дамыту бойынша жұмыстардың мазмұнын жетілдіру, өскелең ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу, - деді алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Асылбек Аязбаев.

Олимпиада ойыны да өз мәресіне жетіп, жалпы ойынның қорытындысы бойынша бірінші орынды Әлтайыр Қуанышбек, екінші орынды Дмитрий Қуатбаев, үшінші орынды Темірлан Нұрғалым иеленді. Жеңімпаз командалар мадақтама қағаздарымен, төс белгілерімен және кубоктармен марапатталды.



**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі**

# ЗАЩИЩАЛИ МИР И СПОКОЙСТВИЕ

***30 лет назад, 7 апреля 1995 года, совершили свой подвиг на таджикско-афганской границе воины-казахстанцы. Мужественно защищая южные рубежи Отчизны, горстка бойцов героически погибла, а более 30 получили ранения. Казбат потерял в этом бою 17 военнослужащих. Нашим военнослужащим, которые прошли через горнило боевых действий на таджикско-афганской границе, до сих пор снятся обстрелы, крики, стоны раненых, плач детей. Сколько бы лет ни прошло, они будут помнить все, что связано с горячей точкой.***





О героизме наших военнослужащих в те годы коротко и емко сказал первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев: «Гибель ваших сыновей и близких отозвалась острой болью в сердце каждого жителя республики. Воины казахстанского батальона мужественно охраняют таджикско-афганский участок внешней границы Содружества Независимых Государств. Жизни погибших воинов отданы за сохранение безопасности в наших государствах. Они защищали и наши с вами мир и спокойствие».

Указом Главы государства военнослужащие посмертно награждены орденами и медалями: пятеро удостоены ордена «Айбын» второй степени, а 12 – медалями. Кроме того, они были награждены российской медалью «За отличие в службе» первой степени.

Вот имена героев: Ержан Абдиев, Ержан Байгабысов, Еркин Байгабылов, Калмахан Бакбаев, Ербол Бекебаев, Бауыржан Далабаев, Жаксылык Джансугуров, Имомаддин Жуматов, Дастан Нурметов, Тахир Рахимжанов, Еркебулан Макажанов, Радик Каймолдиев, Канат Едырышов, Ербол Исабаев, Михаил Мартыненко, Анатолий Мешков, Алихан Огизбаев.

С чего же все началось? В Таджикистане в январе 1993 года главы государств СНГ подписали соглашение о совместной охране таджикско-афганской границы от бандформирований.

Следует сказать о том, что сводный казахстанский батальон, сформированный из военнослужащих Пограничной службы КНБ, Минобороны и внутренних войск МВД РК (сегодня Республиканская Национальная гвардия) на протяжении восьми лет выполнял свой воинский долг перед Родиной и союзниками. С июня 1993 по февраль 2001 года более 10 тысяч воинов-казахстанцев стояли на защите южных рубежей СНГ. В ходе боевых столкновений с вооруженными группами нарушителей границы погибли более 50 казахстанских военнослужащих и более 300 ранены. Все они с честью выполнили свой священный долг перед Отечеством, в том числе ценой здоровья и даже самой жизни.

По сути, это были первые миротворцы Казахстана. Зона ответственности Казбата составляла более ста километров. Ни на минуту не давали расслабиться миротворцам афганские наркоторговцы и вооруженные формирования таджикской оппозиции. В конце 1996 года, когда мы с начальником фотостудии МО РК майором Каиром Дунбаяновым (ныне полковник в отставке) находились в командировке в этой горячей точке, постарались читателям СМИ рассказать о ситуации в горной местности Памира, о подвиге наших военнослужащих.

Подчеркну, боевики были вооружены до зубов, кроме стрелкового оружия имели гранатометы, реактивные системы залпового огня, переносные зенитно-ракетные комплексы и, конечно же, самые современные средства связи. Но это не пугало казахстанцев.

Весной 1995 года командование группы погранвойск Таджикистана приняло решение выставить специальный пограничный пост «Пшихарв», так как за рекой Пяндж, в ущельях афганского Дарваза, располагались крупные отряды незаконных вооруженных формирований таджикской оппозиции. Это был один из наиболее удобных для них участков границы, через который в Таджикистан шла переброска боевиков, оружия, боеприпасов, денежных средств, наркотиков.

7 апреля было тихо как никогда. Когда колонна машин, преодолев десятки километров, въехала в Пшихаврское ущелье и остановилась для обустройства нового боевого поста, был уже полдень. Вдруг внезапный бешеный огонь врага разбудил тишину. Выстрел из гранатомета молнией сразил водителя БТР. Головной бронетранспортер загорелся. Следом подбили командно-штабную машину с мощной радиостанцией. Автомашины не успели уйти из зоны обстрела. Колонна попала в засаду, влезла в пасть «дьяволу», а личный состав оказался в «мешке».

Мне до сих пор вспоминается встреча со старшим лейтенантом Нуржаном Байбосыновым, в то время заместителем командира роты по боевой подготовке казахстанского батальона. Смотрел Нуржан на Пшихаврское ущелье, где шло кровопролитное столкновение с моджахедами, кусая губы.

Кажется, еще недавно он, молодой офицер, принимал взвод в составе сводной роты Казбата, но сколько всего осталось позади. Трудовую закалку он получил на заводе в Шымкенте, затем служил в полку связи в Группе советских войск в Германии (ГСВГ), был прапорщиком в войсках ПВО. Такие люди, как Байбосынов, цементирующая основа любого коллектива. На них можно положиться во всем, они никогда не подведут.

В Казбате были и другие офицеры, похожие на Байбосынова. Как мне потом рассказывали сослуживцы, именно решительные действия командира роты капитана Ерлана Алданазарова, заместителя командира роты по боевой подготовке старшего лейтенанта Нуржана Байбосынова, командира взвода лейтенанта Кайрата Сатпаева в том бою позволили уберечь многих от пуль бородачей.

Огонь боевиков, спрятавшихся за валунами, превратился в огненный смерч. Старшему лейтенанту Байбосынову казалось, что голова разламывается. Переборов себя, он произвел ответные выстрелы из гранатомета. Тут же бойцы услышали уверенный голос командира роты капитана Ерлана Алданазарова: «Парни, держаться! Нам нельзя сдаваться!». Ротный, отдавая распоряжения, сам вел огонь по противнику. Истекая кровью, воины удерживали натиск противника. Смекалку в бою проявили многие бойцы. Старшина Калмакан Бакбаев, сержант Радик Каймулдиев, младший сержант Алихан Огизбаев, рядовые Канат Едырышов, Ербол Исабаев бились до последнего. Все они удостоены ордена «Айбын» второй степени посмертно.

Особенно отличился прапорщик Болат Ахметов, пулемет которого строчил беспрерывно. Это позволило личному составу отойти от плотного огня боевиков и подготовиться к нанесению удара.

Всех потряс момент, когда загорелась машина с боеприпасами. Один из солдат, истекая кровью, решил отогнать грузовик от машин со снарядами. В критические минуты на выручку казахстанскому солдату пришел российский пограничник. Он быстро оценил ситуацию, понял, что пожар невозможно потушить, и запрыгнул в кабину грузовика. Стал выводить машину из ущелья.

Кто-то среди раненых крикнул: «Брат, горишь, бросай машину, прыгай!». Пограничник задыхался от дыма, но отогнал машину от колонны.

Бойцы продолжали отчаянно драться, купаясь в свинцовом «душе». Зенитчики, вызывая огонь на себя, не давали покоя бандитам. Зенитчики погибли, а установка продолжала работать. Место погибших заняли живые. Солдаты чувствовали локоть сослуживцев, особенно своего командира взвода Кайрата Сатпаева, который в тяжелые минуты боя оставался собранным, решительным. Этот бой для лейтенанта Сатпаева закончился тяжелым ранением и стал последним в его офицерской биографии.

Не занимать мужества было и его подчиненным. Рядовой Ержан Тлешов, несмотря на ранения в руку, плечо, потеряв много крови, не выпускал из рук автомат. А пулеметчик Анатолий Мешков вел огонь по моджахедам, находясь в горящей автомашине. Даже раненые, превозмогая боль, набивали патронами магазины.

Сержант Радик Каймолдиев, рядовые Михаил Мартыненко и Валерий Самохвалов в бою держались вместе, выдерживая натиски «духов». Валерий вспоминал, что, видимо, суждено было остаться жить за погибших парней. Один из них — Миша Мартыненко. Валерий хорошо знал Мишу, они родом из небольшого городка Чарска, что в Восточно-Казахстанской области. Еще до армии вместе учились в одном училище. С теплотой вспоминала о Мише и других его товарищах в то время заведующая библиотекой части Лариса Водяная, которая для солдат была как мама. Она собрала для музея материалы о погибших.

Не остались в стороне и родители. Большую помощь оказала мать старшины Калмакана Бакбаева - Уркия-апа. Она в составе казахстанской делегации принимала участие в открытии монумента воинам-казахстанцам в городе Душанбе. В скромном доме Бакбаевых, что находится недалеко от Шымкента, бережно хранятся вещи Калмакана.

Подвиг солдат, ставший символом воинской доблести, живет в памяти и других родителей. Истинный солдатский характер в том страшном бою показал Канат Едырышов. Превозмогая боль от тяжелого ранения, он спрашивал: «Как наши?».

Славился добротой и Ербол Бекебаев из села Ынталы Щучинского района Акмолинской области. Он был заботливым не только к своим сослуживцам, но и к родным и близким. Все восхищались, как он красиво поет, виртуозно играет на домбре. Теперь вот в память о нем осталась его домбра. Ветеран Вооруженных Сил подполковник в отставке Владимир Петров и сестра Аягоз посвятили свои проникновенные стихи Ерболу. А в Кындыккарагайской средней школе есть музей с уголком, посвященным герою.

Светлую память о себе оставил и Анатолий Мешков из Аягуза. Родители возлагали большие надежды на первенца. Толя помогал по хозяйству, любил природу и животных. Как и отец, увлекался футболом, плаванием, борьбой.

Неумолимо бежит время. Теперь все, что происходило на древней таджикской земле, дело давно минувших дней. Кто не был в горячей точке, не обжегся войной, тому трудно поверить, что же на самом деле произошло. Только память неподвластна времени. Ее хранят вчерашние воины Казбата, сослуживцы погибших солдат.

В честь героев открыты памятники, в воинских частях проводятся митинги, возложение венков к памятникам, обелискам, проводятся соревнования.

**Сапаргали ЖАГИПАРОВ,**
**Фото из архива автора и Каира ДУНБАЯНОВА**





SARBAZ

ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығады

Меншік иесі:
«ГИС Әскери Медиа» ЖШС

Шығарушы редакторлар
**Тимур АУБАКИРОВ**
**Ерлібай ҚАДЫРБАЙ**

Тілшілер:
**Рима ӘБЕУОВА**
**Нариман ДЮСЕНОВ**
**Марат ЖҮНІС-БЕК**

«Шығыс» ӨңҚ аймақтық тілші
**Алуа ИСКАКОВА**

«Астана» ӨңҚ аймақтық тілші
**Фархат КИНЖИТАЕВ**

Дизайнер
**Адил ШЕРИМБЕТОВ**

Корректорлар
**Сымбат НҰРХАЙДАРОВА**
**Наталья ВАРНАВСКАЯ**

Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың 2-тамызынан бастап шығады.
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде 2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі №5340-Г
Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасымен әркез сәйкес келе бермейді. Қолжазба мен фотосурет рецензияланбайды және кері қайтарылмайды.
Редакция автор материалын мазмұнын сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы.
Газет жұма күні шығады.
Бағасы келісімді.

**Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 010000, «ГИС Әскери Медиа» ЖШС
Астана қаласы, Домалак ана көшесі, 11/1
Телефон: 8 (7172) 57-14-11 (1024)
Газет **«Алматы-Болашақ» баспаханасында басылып шығады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223-Б**
Көлемі 3 б. т.
Офсеттік басылым.
**Индекс 604204**
**Таралымы 1742 дана**
**Тапсырыс №14**

facebook.com/sarbaz.kz instagram.com/sarbaz.kz vk.com/sarbaz.kz twitter / @SarbazKz